

Көсембай негізгі мектебі

Кітапханашы:Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы

Күні:15.03.2022ж

Тақырыбы: Жеті атаңды білесің бе?

Мақсаты:

1. Оқушылар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу.
2. Оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу арқылы еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Түрі: дөңгелек үстел

Көрнекті құралдар:

1.Нақыл сөздер. Қазақтар –әдет-ғұрып,салт-сана, тіл жағынан бір тұтас ұлт.

В.В.Радлов.

2. «Ата мұраң-асыл қазынан», « салт-дәстүрін ел бұзбас, уәде –сертін ер бұзбас»

3.Жеті ата- жеті қуат көзі. Мәшкүр Жүсіп Көпейұлының 7-10 том кітаптары, Қазақтың салт- дәстүрлері кітабы.

Ұйымдастыру кезеңі:

Қош келдіңіздер! Бүгінгі дөңгелек үстелімізді өз халқымыздың сәлемдесу рәсімімен бастайық деп тұрмын.

Сәлем берудің қандай түрлерін білесіңдер?

Оқушылардың жауабы:

Ассалаумахалейкум

Уахалейкумассалам

Сәлеметсіз бе

Амансыз ба

Қалыңыз қалай

Дұрыс айтасындар. Ал қанеки қазақтың салтымен бір-бірімізбен төс қағыстырып амандасайық.

Бүгінгі жұмыстың негізгі мақсаты өз халқымыздың салт-дәстүрлерінен үлгі алу арқылы жеті атасын білуге үйрету.

Ойнап –күліп жүру керек,

Ойнап – күліп тұру керек.

Жеті жасқа жетпей бала,

Жеті атасын білу керек, деген аталы сөз бар екен, ендеше біз бүгін жеті ата дегінміз не?

Жеті ата ұғымы нені білдіреді? Ата -бабамыздың жеті атаны үйретудегі мақсаты не? сынды сұрақтармен ой бөлісетін боламыз.

Жеті ата (дәстүр) - қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы т.б., жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Жеті атаға толмай, жақын-жуықтар бір-бірінен қыз алыспайды. Жеті атаға толған күннің өзінде, бір рудың жастары некелесетін жағдай

туса, ру ақсақалдары бір пәтуға келіп, боз биені сойып, баталасып барып рұқсат ететін болған.

Ата тек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене.

Бұдан әрі туыстық атаулар: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болып кете береді. Соңғы түйіндеуші буын, әдетте, ру есіміне тіреледі немесе, керісінше, руынан бастап сатылып өз әкесіне яғни өзіне дейін тартылады: 1)бала; 2)әке; 3)ата; 4)арғы ата; 5)баба; 6)түп ата; 7)тек ата.

Өз ата-бабасын, жеті атасына дейін білу әрбір азамат үшін міндет болған және сол білігі арқылы ол өз халқының дәстүрін жалғастырып отырған. Жеті атадан Үш жүзге дейінгі біртұтас туысқандық бітім бірнеше ғасырлар бойы "қазақ халқы - бір атаның баласы, бір тамырдан тараған" деген ұстанымды орнықтырған.

Көреген халқымыз жеті атасын білу арқылы ең бірінші генетикалық мәселеге жауап іздеді. Қан тазалығы арқылы ұрпағының саулығын, келешегінің кемелдігін тіледі. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» дейді дана халқымыз. Қазақтың дәстүрі бойынша әрбір адам өзінің шыққан тегін, жеті атасын, руың танып білу керек. Қазақ ертеден «жеті ата» ұғымын туыстық қатынас ретінде қарастырып, жеті атаға дейін қыз алыспаған. Көреген халқымыз жеті атасын білу арқылы ең бірінші генетикалық мәселеге жауап іздеді. Қан тазалығы арқылы ұрпағының саулығын, келешегінің кемелдігін тіледі.

«Жеті атасын білген ұл

Жеті жұрттың қамын білер.

Жеті атасын білмеген

Құлағы мен жағын жер», – деген жүйелі сөз осыдан қалса керек. Сондықтан да біздің ата-бабаларымыз өз ұрпақтарына жеті атасының аты-жөнін, шыққан тегін, өз руынан шыққан атақты батыр, игі жақсыларының есімін айтып, үйретіп отырған. Ол мақтангерлік немесе бөлінушілік мақсатында емес, өз ұлтыңды, еліңді, шыққан тегіңді біліп жүр деген мақсатта көксесе керек.

Бұл салттың қашан пайда болғанын дәп басып айту қиын. Бірақ бұл салттың өте көне заманнан бастау алатыны күмәнсіз. Қазақтың бабалары қан араласуының өте қайғылы жағдайға душар ететінін сонау бағзы заманнан біліп, алдын алу үшін осы «Жеті ата білу» салтын ойлап тапқан.

Осы бір кертартпа әдеттің зияндығын растайтын мысалдар адамзат тарихында баршылық. Мысалы, көпшілік көбіне-көп ұлы өркениет санайтын біздің дәуірімізге дейінгі Египетте, жақын туыс адамдардың үйлену дәстүрі болғаны белгілі. Осы елдің Птоломей фараондар әулетінің соңғы ханшайымы, адамзат тарихындағы белгілі тұлғалардың бірі Клеопатра 18 жасында ата-бабаларының әдет-ғұрпына бағынып өзінің туған інісіне тұрмысқа шыққан. Ғалымдардың айтуынша бұл әулеттің жер бетінен жоқ болып кетуіне туыс адамдардың қан араласуы бірден-бір себеп болған.

Қазақтар болса қан тазалығын сақтау тәртібін бұзғандарға әрқашан жиренішпен қараған. «Басқа қыз жетпегендей өз туысын алған бәленшеден сақтасын» деп сын сөз айтатын болған. Осылайша бабабаларымыз бүгінгідей дамыған зертханалары болмаса да қан құрамының адам өмірінде алатын орынын тән тазалығына, бүкіл ел денсаулығына біртұтас мемлекеттік тұрғыда мән беріп қоғам денсаулығын дұрыс ұйымдастыра білген.

Уақыт келе қазақ ұлтының көрегендігін ғылым дәлелдеді. Адам қанының ерекшеліктеріне қарай түрлі топқа бөлінетіні өткен ғасырда 1906 жылы Еуропада, 1910 жылы АҚШ-та ашылды.

«Тарихи деректер» айдары

Оқушылар берілген мәтіндерді дауыстап оқиды.

1-мәтін

«Қазақ халқындағы семья мен неке» атты кітабында ғалым Халел Арғынбаев қазақ халқының жеті атаға толмай қыз алыспау себебін былайша түсіндіреді: «Бірінішіден: қандастық жақындық некелескен уақытта ұрпақтың болмауына, яки аз болуына, оның азып, тәуір қасиеттерден жұрдай болуы да мүмкін; екіншіден, туыстық қатынас ыдырап, олардың арасында әдепсіздіктер көбейген болар еді». Бұлай болмауын ел үлкендері қатаң түрде қадағалап отырған. Мысалы, қазақтың «Жеті жарғы» заңы бойынша бір рудың жастары көңіл қосатын болса өлім жазасына кесілетін болған.

2-мәтін

Х.Арғынбаев өз ойын мынадай тарихи дерекпен нақтылайды: «...Тобықты елінде болған Қалқаман Мамыр уақиғасын мысалға алайық. Екі өнерлі жас немере-шөбере туыстар болса керек. Бірақ екеуі бір-бірін сүйіп, бір түнде Мамырды Қалқаман алып қашады. Мұны естіген Мамырдың ағасы Көкенай екеуінде өлтірем деп ашу шақырады. Біраз уақыт бұлар жасырынып жүріп, қолға түспейді. У-шу басылып, ел іші тынышталған уақытта ата-ана, аға-інісінен кешірім сұрап, ризалығын алып бұдан былай ашық өмір сүрмек болған Мамыр ауылына аттанады.

Ауыл шетіне жете бергенде, ағасы Көкенай қарындасы Мамырды садақпен атып өлтіреді. Енді Қалқаманды өлтірмей тынбаймын деп жар салады. Ел адамдары ақылдасып садақ кезенген Көкенайдың алдынан, Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін де, бір атқанда тигізіп өлтірсе Қалқаман құнсыз болсын, ал тірі қалса дау осымен бітсін депті. Көкенай да, Қалқаман да бұған көніп, шауып өткен Қалқаманға оқ тимей ердің алдыңғы қасын сындырыпты». Осыдан кейін Қалқаман басқа жаққа көшіп кетіпті.

Жазушы Сәбит Мұқанұлының жазуы бойынша Алматы қаласының түбіндегі елді мекен сол Қалқаманның көшіп баруына байланысты аталған.

3-мәтін

Әр қазақ өзінің ұл-қызына жеті атасының есімдерін жаттатуды міндет санайды. Жеті атаны білу қазақ қоғамында бұлжымас заң болғанын ғалымдар өздерінің ғылыми зерттеулерінде атап өткен. Бұл салт туралы жазушылар да көп жазған. Бауыржан Момышұлы өз өмірін баяндаған «Ұшқан ұя» кітабында осы салт туралы жазады:

«Әкем маған жеті атамның есімдерін жаттатқызатын.

- Сен кімнің ұлысың? – деп сұрақ қоятын ол маған.
 - Мен Момыштың ұлымын. – деп жауап беремін мен.
 - Момыш кімнің ұлы?
 - Момыш – Имаштың ұлы.
- Осылай жеті атама дейін жалғаса беретін...

Жеті атаны білу қазақтың ең байырғы салттарының. Және рухани құндылық ретінде бұдан былай да сақталына береді.

«Жеті ата не үшін керек? Біріншіден, қан тазалығы. Екіншіден, жеті атаға дейін адамдар бір-біріне туыс болады. Исламдық ұғым бойынша «омырау ембесе болды» деп ағасының баласын, қарындасының қызын алып жатса, ислам шариғаты оған жол береді. Ал, бұрынғы бабаларымыздың ұғымы бойынша мұндай туыстықтан береке кетеді. Елдің іші бүлініп, ауызбіршілік жойылады деп жол бермеген. Ата-бабамыз жеті өзеннен өтіп барып қыз алысу керек деген», - дейді филология ғылымдарының докторы Дүкен Масымханұлы.

4-мәтін

Тарихи деректерге сүйенсек, «Жеті ата» дәстүрінің пайда болуы Керей мен Жәнібектің хандық дәуірінде болған деседі. Бірде Жәнібек ханның ақылшысы әрі кеңесшісі Жиренше шешен қатты ауырып, төсек тартып жатып қалыпты. Жақын жерлердегі талай белгілі емші, бақсыларды шақыртып қаратса да, еш ем қонбапты. Соңында атақты Өтебойдақ деген емші барын біліп, соны шақырады. Өтебойдақтың емінен кейін Жиренше жазылып, дертінен айығыпты. Жәнібек хан емшіге ризалығын білдіріп, қандай аурудың қауіпті екенін әрі оның емінің не екенін сұраған көрінеді. Сонда емші еш кідірместен тұқым қуалайтын ауруды емдеудің қиындығын, мұның алдын алу үшін «Жеті Атаға» дейін туыс адамдар қыз алыспау керектігін айтыпты. Өтебойдақ емшінің айтқанын Жәнібек хан жадына тоқып, халыққа жеті атаға дейін үйленуге тиым салыпты. «Кімде кім жеті атаға толмай үйленсе, өлім жазасына кесілсін!» деген жарлық шығыпты. Содан бері бұл тазалық қазақ халқының құнды дүниесіне айналған екен.

5-мәтін

«Жеті ата» туралы этнограф, жазушы Зейнеп Ахметова да қайын атасының айтқандарын былай деп жеткізеді. ... Әрбір қазақ жеті атасының өмір жолын білу арқылы кем дегенде екі ғасырлық мағлұмат алады, ұрпақ жалғастығының ізі, сүрлеуі сақталады. «Жеті атаның» өз атаулары бар. Төменнен жоғары қарай – бала, әке, ата, баба, арғы ата, түп ата, тек ата деп аталады. Ал жоғарыдан төмен қарай – әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат. Ары қарай жүрежат, жекжат, жұрағат, қаймана деп кете береді. Қазақта туыстықтың шегі жоғарыдағы «жеті атамен» аяқталады. Мұның да өз жөн-жобалары бар. Жеті атаға толған соң «жеті атаға толыстық, жеке ел болыстық» деп жар салып, жеті жұрттың белгілі адамдарын куәлікке арнап шақырады. Құдайыға боз бие сойылып, қанына қолдарын малып, «араларымыз алыстамасын, бұрынғы бауырлардай тату-бірлікте болайық» деп баталасады. Ала арқан кесіледі. Ұраны мен ен-таңбасы белгіленеді. Осылай «ендігі жерде құдалыққа жол ашық» делінеді. Алайда, қалай айтсақ та, қазақтың тарихи жады, санасы біржола жойылмай, қандасты, бауырластықты ұзағырақ сақтап ардақтайды,

құрметтейді. Қазақтың «жеті аталық» дәстүрін қазір ғылым да толық мойындады. Бір кезде «оқымаған», «қараңғы», «надан» деп айдар тағылған қазақтың ақылына, ой-өрісінің биіктігіне бүгінде ғалымдар таңдануға. Өйткені жеті атаға толғанша қан сәйкестігі сақталып, сегізіншіге жеткенде сол қан сәйкестігі жойылады екен. Ал қандастық, қан тазалығын сақтауды ата-бабам баяғыдан-ақ білген ғой. Ғылым оны енді дәлелдеп отыр. Сөздің қысқасы, «жеті аталық» дәстүрді туыстық мейірімнің ұзақ уақыт жалғасатын тірлігі мен бірлігін бұзбауға, тұқымды пәк сақтауға жасалған ереже-заңы деуге болады. Бұл аталас адамдар арасындағы ар-ұятты, адамгершілікті адал ұстаудың тұрақты жолы екенін көрсетеді, – деп қорытындылайды.

6-мәтін

«Жеті ата» дәстүріндегі тектілік пен тазалық біздерге жеткен «Аяз би» ертегісіне де арқау болған. Бірде хан Аяз биге: – Мені сынашы, неше атамнан бері хан екенмін? – дейді. Аяз би: – Тақсыр ханым! Қарадан туып хан болғансыз, атаңызда хандық жоқ, – дейді. Хан: – Жоқ, қате айтасың! Мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда алты атамды қайда жібересің? – деп зекіреді. Сонда Аяз би: – Жоқ, тақсыр! Сіздің қара басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ. Сіз нағыз наубайшының баласысыз, – дейді. Хан не дерін білмей, анасын алдырып, шындықты айтуын сұрайды. Амалы таусылған анасы өзіне дейінгі он тоғыз әйелді әкесінің қыз туғаны үшін өлтіргендігін, шыбын жанын сақтаймын деп өзімен бір мезгілде ұл көтерген сарайдағы наубайшының әйелімен жасырын келісіп, нәрестелерді алмастырып алғанын айтады. Хан: – Апырмай, менің наубайшының баласы екенімді қайдан білдіңіз? – дейді. Сонда Аяз би: – Мен жаман-жақсы болсам да үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, қара көже түсіп, мені келісімен аспазға жібердіңіз. Сіздің шынжыр қатар, атаулы хан емес екеніңізді содан байқадым, – дейді.

Кері байланыс

1. Қазақ отбасында балаға нені айтып отырады?
2. Бұл баланы неге үйретеді?
3. Әр адамның өзінің жеті атасын білуі қандай қасиеттерін танытады?
4. Ата –ананың басты борышы қандай?
5. Жеті атаны білу деген не?
6. Жеті атаны білу арқылы ата-бабамыз қандай мақсат көздеген?

Қорытынды : - Балалар, ата - бабамыз қыздарын ақылды, ұлдарын батыр, ер етіп өсіруді мақсат етті. Ұрпақтары әдепті де ізетті, бәрін ақылға салып шешетін болса, өмірде бақытты болатынына сенді. Баланың бақыты – ата - атаның бақыты, ұрпағының бақыты. Біздің ең түпкі шыққан тегіміз – адам. «Атаның ғана ұлы болма, адамның ұлы бол» деген осы. Ал «Өзіңді танығың келсе, тегіңді біл» деген сөзді ұстанып

Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/blogs/Salt_dastur/26143/ ,ERNUR.KZ порталы



Нравится zhaksylykova288 и еще 9
kosembai2020 Наурыз мерекесіне орай "Жеті атаңды білесің бе?" атты дөңгелек үстел өтті. Мақсаты өз халқымыздың салт - дәстүрлерінен үлгі алу арқылы жеті атасын білуге үйрету. "Жеті ата дәстүрін білеміз [...]"
zhaksylykova288 🌻🌻🌻🌻🌻



